

Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 20 тамыздағы "Ата-аналарының қамқорлықтарыңызсыз қалған жетімдерді әлеуметтік қамтамасыз етуге құжаттарын ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын бекіту туралы" N 235 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 27 қарашада N 325 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 2 желтоқсанда N 13-3-89 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 14 тамызда N 197 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігінің 2009.08.14 N 197 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы «Құқықтық нормативтік актілер туралы» № 213-І Заңының 28-бабына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 20 тамыздағы «Ата-аналарының қамқорлықтарыңызсыз қалған жетімдерді әлеуметтік қамтамасыз етуге құжаттарын ресімдеу» мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын бекіту туралы» № 235 қаулысына (құқықтық нормативтік актілердің мемлекеттік тіркеу Тізімінде № 13-3-80 тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

Қаулының атауында, 1-тармағында, осы қаулымен бекітілген қызмет көрсету стандартының атауында, стандарттың 1, 5-тармақтарында, 1-қосымшада «жетімдер» сөзінен кейін «балалар» сөзімен толықтырылсын.

2. Осы қаулы бірінші рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің м.а.

С. Тұралинов